



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ / ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА / THEORY AND HISTORY OF STATE AND LAW

ӨОЖ 340.1;321.01
ХҒТАР 10.07.01

А.Ш. Ещанов¹, З.Ж. Калмурзина²

*¹Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

²Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек қ., Қырғыз Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНА «ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕГІ ЗАҢ КЕҢЕСШІЛЕРІ» ҰҒЫМЫН ИМПЛЕМЕНТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына «Қарулы Күштердегі заң кеңесшілері» ұғымын енгізу мәселесі қарастырылады. Авторлар бұл институтты заңнамалық тұрғыда бекітудің қажеттілігін Қазақстанның Женева конвенциялары мен олардың Қосымша хаттамалары бойынша халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ шетелдік тәжірибеге сүйене отырып негіздейді. Заң кеңесшілерінің негізгі міндеттері талданады, оның ішінде командирлерге халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қолдану бойынша кеңес беру, әскери қызметшілерді құқықтық оқыту, әдістемелік материалдар әзірлеу және тарату мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын әскери құрылымдарда қолданудың деңгейлері, заң кеңесшілерінің стратегиялық және тактикалық әскери жоспарлауға қатысуы, қарулы қақтығыстар кезінде соғыс жүргізу құралдары мен әдістерін құқықтық бағалау рөлі зерттеледі.

Авторлар заң кеңесшілерінің қызметін заңнамалық тұрғыда бекітудің маңыздылығын атап өтіп, халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын сақтауды қамтамасыз ету және әскери басқару жүйесіндегі құқықтық мәдениетті арттыру үшін тиісті заңнамалық өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар береді.

Түйінді сөздер: заң кеңесшісі; халықаралық гуманитарлық құқық; Женева конвенциясы; қарулы қақтығыстар; соғыс құқығы; әскери қызметші; әскери тұтқындар.

А.Ш. Ещанов¹, З.Ж. Калмурзина²

*¹Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре,
г. Косшы, Республика Казахстан*

²Кыргызский национальный университет имени Ж. Баласагына, г. Бишкек, Кыргызская Республика

К ВОПРОСУ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ ПОНЯТИЯ «ЮРИДИЧЕСКИЕ СОВЕТНИКИ В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ» В ДЕЙСТВУЮЩЕЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье рассматривается вопрос имплементации понятия «Юридические советники в Вооруженных Силах» в действующее законодательство Республики Казахстан. Авторы обосновывают необходимость закрепления данного института, учитывая международные обязательства Казахстана по Женевским конвенциям и их Дополнительным протоколам, а также зарубежный опыт. Анализируются основные функции юридических советников, включая консультирование командиров по вопросам применения норм международного гуманитарного права, обучение личного состава, разработку и распространение учебных и методических материалов. Рассматриваются уровни применения норм международного гуманитарного права в Вооруженных Силах, роль советников в стратегическом и тактическом планировании военных операций, их участие в правовой оценке выбора средств и методов ведения боевых действий. Особое внимание уделяется правовому статусу юридических советников, возможным моделям их организационного подчинения и взаимодействию с командованием.

В заключении предлагаются рекомендации по внесению изменений в законодательство Республики



Казахстан, направленных на институционализацию юридических советников в системе Вооруженных Сил.
Ключевые слова: юридический советник; международное гуманитарное право; Женевская конвенция;

A.Sh. Yechshanov¹, Z.Zh. Kalmurzina²

*¹The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy, the Republic of Kazakhstan*

²Kyrgyz National University named after J. Balasagyn, Bishkek, Kyrgyz Republic

ON THE ISSUE OF IMPLEMENTING THE CONCEPT OF 'LEGAL ADVISORS IN THE ARMED FORCES' INTO THE CURRENT LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines the issue of implementing the concept of "Legal Advisors in the Armed Forces" into the current legislation of the Republic of Kazakhstan. The authors justify the necessity of legally formalizing this institution based on Kazakhstan's international obligations under the Geneva Conventions and their Additional Protocols, as well as foreign experience. The key functions of legal advisors are analyzed, including advising commanders on the application of international humanitarian law norms, providing legal training to military personnel, and developing and distributing methodological materials. Additionally, the article explores the levels of application of international humanitarian law within military structures, the role of legal advisors in strategic and tactical military planning, and their participation in the legal assessment of means and methods of warfare during armed conflicts. The legal status of legal advisors, potential models of organizational subordination, and their interaction with military command are also considered.

The article concludes with recommendations for amending the legislation of the Republic of Kazakhstan to institutionalize legal advisors within the Armed Forces.

Keywords: legal advisor; international humanitarian law; Geneva Convention; armed conflicts; military law; military justice; prisoners of war.

DOI: 10.52425/25187252_2025_35_8

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 31 наурызда «Қазақстан Республикасының 1949 жылғы соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенцияларына және 1977 жылғы I және II қосымша хаттамаларға соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенцияларына қосылуы туралы» қаулы шығарды, онда ол мыналарды қаулы етті:

Қазақстан Республикасы атынан:

а) 1949 жылғы 12 тамыздағы «Майдандағы армия жаралылары мен науқастардың жағдайларын жақсарту туралы» Женева конвенциясына 38-бабы бойынша «Қазақстан Республикасы армияның санитарлық қызметінің эмблемасы мен айрықша белгісі ретінде ақ түс аясында қызыл жарты ай мен қызыл кресттің біріктірілген геральдикалық белгілерін пайдаланады» деген ескертпемен;

б) 1949 жылғы 12 тамыздағы «Теңізде Қарулы Күштер құрамынан жараланған,

науқас және кеме апатына ұшыраған адамдардың жағдайын жақсарту туралы» Женева конвенциясына 41-бабы бойынша «Қазақстан Республикасы армияның санитарлық қызметінің эмблемасы мен айрықша белгісі ретінде ақ түс аясында қызыл жарты ай мен қызыл кресттің біріктірілген геральдикалық белгілерін пайдаланады» деген ескертпемен;

в) 1949 жылғы 12 тамыздағы «Әскери тұтқындармен қарым-қатынас туралы» Женева конвенциясына;

г) 1949 жылғы 12 тамыздағы «Соғыс кезінде бейбіт тұрғындарды қорғау туралы» Женева конвенциясына;

д) 1977 жылғы 8 маусымдағы халықаралық қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына 1-қосымша хаттамасына;

е) 1977 жылғы 8 маусымдағы халықаралық емес сипаттағы қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауға қатысты 1949 жылғы



12 тамыздағы Женева конвенцияларына II қосымша хаттамасына қосылсын¹.

Материалдар мен әдістер. Мақалада Женева конвенцияларының, қосымша хаттамалардың және Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелерін, сондай-ақ халықаралық және ұлттық гуманитарлық құқық нормаларын іске асыру тәсілдерін салыстыру үшін нормативтік құқықтық актілерді талдау әдістері қолданылады. Сонымен қатар, Қарулы Күштердегі заң кеңесшілерінің мәртебесі, құқықтары мен міндеттеріне қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін теориялық жалпылау әдісі пайдаланылады.

Нәтижелер, талқылау. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика ратификациялаған халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы бар екенін ескере отырып, тиісінше 4 Женева конвенциясы мен 2 хаттаманың ережелері Қазақстанның бүкіл аумағында заңды күшіне және тікелей қолданысқа ие болады².

1949 жылғы Женева конвенцияларына қосымша I хаттаманың «Қарулы Күштердегі заң кеңесшілері» деп аталатын 82-бабына сәйкес Қарулы Күштерде қарулы қақтығыстар кезеңінде заң кеңесшілері жұмыс істейді, олар кез-келген деңгейдегі командирлерге Женева конвенцияларын қолдану туралы кеңес беруге және Қарулы Күштер әскери қызметшілеріне тиісті нұсқаулар беруге арналған³.

Атап айтқанда, 1949 жылғы Женева конвенцияларына қосымша I хаттаманың «Қарулы Күштердегі заң кеңесшілері» атты 82-бабында: «Жоғары уағдаласушы Тараптар кез келген уақытта және қақтығыстағы тараптар қарулы қақтығыс кезеңінде қажет болған жағдайда әскери командирлерге Конвенциялар мен осы хаттаманы қолдану туралы және осы мәселе бойынша Қарулы Күштерге тиісті нұсқама беру туралы тиісті

кеңес бере алатын заң кеңесшілерінің болуын қамтамасыз етеді» делінген. Бұнда тұрақты әскерлерден тұратын армия туралы айтылған [1].

Басқа сөзбен айтқанда, Қарулы Күштердегі заң кеңесшілері – басшылыққа заңгерлік кеңестер беру мақсатында соғысушы мемлекеттің саяси басшылығының немесе әскери қолбасшылығының жанындағы бейбіт азаматтық тұлғалар немесе әскери қызметшілер.

Құқықтық жағдайы бойынша олар комбатанттар емес.

Әскери бөлімдер командирлерінің соғыс құқығымен танысу қажеттілігі мыналардан туындайды:

- *біріншіден*, олар ұрысты жүргізудің тактикасы, стратегиясы, тәртібі туралы, армия өмірінің маңызды бөлігін құрайтын әскери тәртіп туралы бәрін біледі. Олар әскери қызметшілерге тән ойлау тәсілімен таныс. Командирлердің (бастықтардың) міндеттеріне соғыс құқығын бұзушылықтардың алдын алу, олардың қолбасшылығындағы әскери қызметшілердің Женева конвенциялары мен қосымша I хаттамамен жүктелген міндеттемелер туралы хабардар болуын қамтамасыз ету кіреді. Егер командирлер өздерінің қол астындағы адамдардың Халықаралық гуманитарлық заңдарды бұзбақшы болғанын немесе бұзғанын білсе, онда олардың борышы – соғыс құқығын бұзудың алдын алу үшін қажет нәрсенің бәрін жасау және қылмыскерлерді әскери сотқа беру;

- *екіншіден*, командирлер Женева конвенциялары мен I хаттама туралы білім алып, сондай-ақ офицерлерге арналған курстарда соғыс құқығының маңызды ережелерін оқып-үйрене отырып, бағынысты бөлімшелерде осы ақпаратты тарату міндетін оңай орындайды. Алайда, кәсіби дайындалған әскери заңгер (кеңесші) командирдің шешімдеріне, әскери қызметшілердің әрекеттеріне дұрыс біліктілік

¹ О присоединении Республики Казахстан к Женевским конвенциям о защите жертв войны 1949 года и Дополнительным протоколам I и II 1977 года к Женевским конвенциям о защите жертв войны: постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 31 марта 1993 г. [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/B930004600_ (дата обращения: 12.12.2024).

² Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 ж. 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 12.12.2024).

³ Основные положения Женевских конвенций и Дополнительных протоколов к ним. – 4-е изд., стереотипное. – М.: Международный Комитет Красного Креста, 2006. – 96 с.



беретіні сөзсіз;

- *үшіншіден*, дамыған әскери аппараты бар елдерде заң кеңесшілері (командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшілері) әскери командирлерге командирдің функционалдық міндеттеріне байланысты мәселелерді шешуге, сондай-ақ соғыс құқығын сақтауға көмектесу мүмкіндігіне ие. Заңгерлік кеңес алғаннан кейін әскери бөлімнің, құраманың командирі болжамды әскери іс-қимыл туралы шешім қабылдайды [1].

1974-1977 жылдардағы дипломатиялық конференция «кеңесші» терминіне «заңдық» анықтамасын қосты, бұл әскери бөлімнің командирі әскери бұйрық беру кезінде оларды сақтау үшін халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын білудің белгілі бір деңгейіне ие болуы керек болса да, әскери бөлімнің штатында әскери заңгер болу қажеттілігін көрсетеді. Конференцияда заң кеңесшісі әскери қолбасшылықта жұмыс істеуі керек және оның міндеттеріне бақылау емес, көмек көрсету кіреді деп айтылған. Бұл заң кеңесшісі командирге ұсыныстар бергеннен кейін, оның іс-қимылы үшін ешқандай жауап бермейді деп болжайды.

«Халықаралық гуманитарлық құқықтың үш деңгейін немесе қолдану аясын бөлуге болады, мұнда заң кеңесшісі әртүрлі мәселелерді шешуі керек:

Біріншіден, сарбаздың негізгі ережелерін немесе бөлімше не взвод деңгейіндегі ұрыс жүргізу ережелерін қолдану және сақтау;

екіншіден, үлкен бөлімдер мен бөлімшелер (батальон және одан жоғары) жүргізетін операциялар кезінде қосымша I хаттаманың 48-58-баптарының (әсіресе 57 және 58-баптарының) ережелерін қолдану. Бұл бейбіт тұрғындардың қажеттіліктерін тереңірек түсінуге шақырады;

үшіншіден, өздерінің азаматтық билігімен ынтымақтастық» [1].

Жоғарыда аталған деңгейлерді толығырақ қарастырайық.

Бірінші деңгей негізінен білім беру, дайындық және бақылау салаларына жатады. Әскери нұсқаушылардың қазіргі білім деңгейі әскери қызметшінің жаралыларға, әскери тұтқындарға және бейбіт тұрғындарға қатысты мінез-құлқын, мәлімдемелері

мен әрекеттерін сәйкесінше түзету міндеттемесіне қатысты. Заң кеңесшісінің басты міндеті – халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі нормаларын, соның ішінде олардың бұзушылықтары туралы есеп беру міндетін сақтау қаншалықты маңызды екенін атап көрсету және атап өту, сондай-ақ халықаралық гуманитарлық құқықтың нормалары неге негізделгенін түсіндіруге тырысу. Бұл жағдайда, ең алдымен, бөлімшелер мен рота командирлерін оқытуға жауапты адамдармен жұмыс жүргізу керек [1].

Ұсынымдарды тактикалық жоспарлау кезінде тікелей ескеру қажет болатын *екінші деңгей* күрделірек. Бұл жағдайда қорғаудағы адамдардың мүдделері, олардың мүлкі тиісті түрде құрметтелетін және барлық қажетті қауіпсіздік шаралары қабылданған жағдайларды жасау да маңызды. Әрине, көп жағдайда операцияларды жоспарлауды заң кеңесшілеріне қарағанда атағы төмен әскери қызметшілер жүзеге асырады. Бұл командирлерді оқыту арқылы бұл процеске әсер етудің ең жақсы әдісін білдіреді. Заң кеңесшілерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын тактикалық деңгейде сақтау мәселелерін талқылау нақты мысалдармен жүргізілуі. Заң кеңесшісі үшін теңдестірілген ұстанымды ұстану маңызды. Кеңесші барлық қылмыстарды ақтайтын және әскери қажеттілік талаптарына оңай жауап беретін интрузивтілік пен шамадан тыс төзімділік арасындағы шекараны өткір сезінуі керек. Мұндай жағдайларда кеңесші өз өкілеттігінен аспауы керек екенін ешқашан ұмытпау керек, өйткені ол шешім қабылдамайды. Айта кету керек, тым ынталы кеңесші пассивті кеңесші сияқты көп зиян келтіруі мүмкін, егер ол әрбір операциялық жоспарлау мәселесін заңды мәселеге айналдырса.

Үшінші деңгей – азаматтық билікпен ынтымақтастық. Бұл – әскери қорғаныс тек азаматтық қорғаныс күштерімен ғана емес, соғыс уақытында өз функцияларын орындайтын азаматтық органдармен де ынтымақтастыққа негізделген.

Халықаралық Қызыл крест комитеті



қарулы қақтығыс жағдайында әскери қызметшілерге арналған жадынамада қарулы қақтығыс кезінде сақталуы керек бірнеше негізгі нормаларды атап өткен: а) тек комбатанттарға қарсы соғыс; ә) тұтқынға алынғандарға адамгершілікпен қара; б) тек әскери нысандарға шабуыл жаса; в) жауынгерлік тапсырманы орындау үшін қажет болғаннан артық зиян келтірме; д) бейбіт тұрғындар мен азаматтық нысандарды ая.

Жоғарыда аталған ережелерді қарайық.

Бірінші және екінші ережелер. *Ұрыс қимылдарын тек әскери қызметшілермен (комбатанттарға қарсы) жүргізіліп, тұтқынға алынғандарға адамгершілікпен қарау керек.* Яғни, тұтқынға алынған, науқас немесе жараланған жауынгер адамға тән құқықтарды сақтайды және оған тиісті түрде қарау керек. Қаруын тастап, берілген жауды ату заңсыз боп саналады. Тұтқынға берілген қарсылас жау тарапының қолына түсетінін есте ұстаған жөн. Бұған қоса, оның құнды ақпараты бар. Тұтқындарды ерікті түрде өлтіруге тыйым салынады, өйткені мұндай кісі өлтіру тұтқынға алғандарға әскери артықшылық бермейді; іс жүзінде оның жасалғаны туралы хабар тек қарсылықты күшейтеді және кек алуға деген ұмтылысты тудырады. Әскери тапсырманы орындау үшін жауды жоюдың қажеті жоқ. Егер оның қарсылас тараптың тұтқындарға жақсы қарайтынына көзі жетсе, ол жанкештік күрестен гөрі тұтқынға түскенді артық көруі мүмкін. Командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі – заң кеңесшісі – соғыс құқығы жөніндегі сарапшы тұтқындарға адамгершілікпен қарамау қарсыласты тұтқынға берілуге емес, жанкештілікпен соғысуға итермелейтінін, соның арқасында өз адамдарының шығыны мен оқ-дәрілердің ысырап болатынын табандылықпен түсіндіруі керек. Тұтқынға алынған қарсыласқа және қарсылас тарапқа жататын ұсталған адамдарға адамгершілікпен қарау өзің тұтқын болған жағдайда өзіңе қалай қарағынанын қалайтыныңдай болуы керектігін білдіреді. Екінші жағынан, әскери тұтқындарға қарым-қатынасқа қатысты өзара түсіністік дәлелін атап өту қауіпті. Бұл әскери

тұтқындарға, сондай-ақ басқа қамқорлықтағы адамдарға қатысты маңызды дәлел болғанымен, оларға Женева конвенциялары тыйым салады. Сарбазға әскери тұтқын-дарға өзінің қатыгез және лайықсыз қарым-қатынасы мен мінез-құлқын жаудың тұтқынға алынған жолдастарымен қарым-қатынасы үшін кек алу себебінен әрекет етуде деп ақтай алады деген ойды тіпті жанама түрде де сіңіруге болмайды. Тағы бір аспект – тұтқындарға адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас, әдетте, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қолайсыз және қоғамдық «бояма» мен жарияланымға ие болады. Тек комбатанттарға қарсы күресу – бұл күштерді үнемдеудің әскери қағидатына сәйкес келетін ереже: ол шектеулі әскери ресурстарды ұтымды пайдалануға және ұрыста тәртіпті сақтауға ықпал етеді.

Үшінші және төртінші ережелер *тек әскери нысандарға жауынгерлік шабуыл жасау керек және жауынгерлік тапсырманы орындау немесе жауды жеңу үшін талап етілгеннен артық айтарлықтай зиян келтірмеу керек* дегенді білдіреді. Соғыс аймағындағы белгілі бір объектілерді қорғайтын бұл ереже соғыс қимылдарына қатыспайтын адамдарды және әскери мақсаттарға арналмаған мүлікті қорғау мақсатында жасалған. Бұл ретте жау әскери мақсатта пайдаланбайтын азаматтық объектілерге шабуыл жасауға немесе оқ жаудыруға тыйым салынады. Командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі – соғыс құқығы жөніндегі сарапшы әскери қызметкерлерді бұл ереженің маңызды салдары қамқорлықтағы адамның мәртебесін көрсететін эмблемалар таққан адамдарды және осындай күшке ие таңбалармен белгіленген объектілерді құрметтеу қажеттілігі болып табылатынына сендіруі керек. Соғыс қимылы кезінде бұл эмблемалардың мақсаты зардап шеккендерді және оларға көмек көрсететін қызметкерлерді қорғау болып табылады. Бұл эмблемаларды соғыс қимылдарын қорғау немесе жасыру үшін пайдалану соғыс құқығын елеулі түрде бұзу болып табылады. Нысандарды, ғимараттар мен адамдарды жау әскери операциялар немесе әскери мақсаттар үшін



пайдаланбағанша, әскери қызметшілер оларға зиян келтірмеу немесе оларды жоймау үшін барлық шараларды қабылдауы керек. Эмблеманы қолдануға қатысты заңсыз әдістер мен тактиканы қолдану оларды қолданушының өзіне қарсы болуы мүмкін екенін атап өткен жөн, өйткені мұндай әрекеттер жиі қауіп төндіреді. Командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі – соғыс құқығы жөніндегі сарапшы сонымен қатар мүдделі адамдарға егер Қарулы Күштер оның әскери қызметшілерінің аман-есен сауығып кетуіне мүдделі болса, онда армия Қызыл крест немесе Қызыл Жарты Ай эмблемасымен белгіленген ауруханаларға оқ атпауы керек екенін хабарлауы керек. Сондықтан көптеген сарбаздардың өмірі Қызыл крест немесе Қызыл Жарты Ай символының дұрыс қолданылуына байланысты болуы керек [1]. Демек, бұл эмблема әскери қызметті жасыру немесе оны бүркену үшін пайдаланылмауы керек.

Бесінші ереже бейбіт тұрғындарға өлім құштырмау және тәнін азаптамау, олардың мүлкіне ұқыпты қарау керек дегенді білдіреді. Бейбіт тұрғындарға, әсіресе әйелдерге, балаларға және егде жастағы адамдарға адамгершілікпен және құрметпен қарау керек. Олардың мүлкін бүлдіруге және ұрлауға болмайды. Басып алынған аумақтың бейбіт тұрғындарына қатысты зорлық-зомбылық әскери мақсатқа қызмет етпейді. Керісінше, мұндай мінез-құлық жеккөрушілік пен ашу-ыза тудырады және соғыс қимылдарының барысына әсер етеді, өйткені ол бейбіт тұрғындарды оккупацияға қарсы күштерге көмек көрсетуге бейімдейді. Халыққа дұрыс қарамау жаудың мүдделеріне қызмет етеді, ал адамгершілік қарым-қатынас құнды ақпарат алуға немесе әскерилерге қолдауды қамтамасыз етуге көмектеседі, сонымен бірге жаудың қолдауынан айырады. Қарулы Күштер бір уақытта жау күштері мен бейбіт тұрғындарға қарсы күресуге міндетті емес. Бейбіт тұрғындарға жақсы қарым-қатынас жасауға және басып алынған аумақты дұрыс басқаруға шақыратын қатаң ережелерді сақтау әрқашан ең жақсы саясат болып табылады. Әскери күштерді соғыс құқығын сақтауға сендіру үшін соғыс сарапшысы

әскери қылмыс жасағаны үшін қылмыстық қудалау қаупіне жүгінуі мүмкін.

Осылайша, командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі немесе – соғыс құқығы жөніндегі сарапшы әскери күштерді Конвенция нормаларын сақтау олардың мүдделеріне қызмет ететініне сендіруі керек. Халықаралық соғыс құқығының нормалары, қаншалықты мінсіз және жан-жақты болса да, егер олар Қарулы Күштердің жеке құрамына белгілі болмаса, нақты нәтиже бермейді. Егер әскери қызметшілерге белгілі нормалар дұрыс түсіндірілмесе. Мұны құқықтық оқытуды ұйымдастыру және сарапшыларға заңгерлік кеңес беру, яғни Қарулы Күштерде жұмыс істеуге заң кеңесшілерін тарту арқылы болдырмауға болады. Халықаралық гуманитарлық құқық бойынша заң кеңесшісінің мәртебесін әрбір мемлекет дербес айқындайды. Халықаралық гуманитарлық құқық жөніндегі заң кеңесшісі тек қажетті заң білімін (халықаралық жария құқық, қылмыстық құқық және соғыс құқығы) иеленіп қана қоймауы керек деген бірауызды пікір бар. Ол әскери іс-қимылдардың құралдары мен әдістерін, сондай-ақ штабтың жұмысын жақсы білуі керек. Бұл әскери заң қызметінің дипломы бар офицерлеріне қатысты.

Заң кеңесшілерінің міндеті, қосымша I хаттаманың 82-бабында анықталғандай, командирлерге Женева конвенциялары мен I хаттаманы қолдану туралы кеңестер беру және осы мәселе бойынша Қарулы Күштерге тиісті нұсқау беру болып табылады. Алайда, заң кеңесшілеріне халықаралық құқықтың басқа салалары, сондай-ақ басқа да құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру және нұсқау беру түріндегі қосымша міндеттер жүктелуі мүмкін. Бірақ, заң кеңесшілерінің лауазымдық нұсқаулықпен анықталғандардан басқа міндеттері болмауы керек, ал заң көмекшісінің белгілі бір құқық саласына мамандануы, оның функционалдық міндеттерін терең білуі және түсінуі маңызды. Заң кеңесшісінің оларға берілген заңгерлік кеңес беру және құқықтық нұсқау беру жауапкершілігіне қатысты оның штаб офицерлеріне жүктелген басқа міндеттерді орындау жауапкершілігінен еш айырмашылығы жоқ екенін және тек әскери



командирлер ғана бұйрық беруге құқылы екенін және осы бұйрықтар үшін жауап беретінін атап өткен жөн. Сондықтан заң кеңесшілері қызметтік міндеттерін орындау кезінде жіберілген өздерінің бұзушылықтары мен қателіктері үшін, яғни көп жағдайда олардың іс-әрекеттерінің, кеңестерінің, консультацияларының дұрыстығы үшін ғана жауап береді [1].

Әскери қолбасшылар мен олардың қарамағындағыларға соғыс уақытында құқықтық мәселелер бойынша нұсқаманы заң кеңесшілері жүзеге асыруы тиіс.

Нұсқаманың мақсаты – әскери қызметшілер халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын өз бетінше қолдана алуы. Тағы бір мақсаты – офицерлер алған білімдерін бағыныштыларына бөлім немесе бөлімше деңгейінде жеткізе алады. Заң кеңесшілері сонымен қатар оқу құралдарын дайындау мен таратуға және соғыс құқығы туралы ақпаратты қамтитын парақшалар шығаруға жауапты болуы керек.

Командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісінің кейбір жұмыс қағидаттарын атап өткен жөн.

Біріншіден, ол әскери қызметшілерге эмпатия (жанашырлық, өзін басқаның орнына қоя білу) сезімін жеткізуге тырысуы керек, бұл соғыс кезінде қатыгездіктің алдын алуға көмектеседі, жаудың бейнесін дұрыс қабылдамауды жеңуге көмектеседі. Олар орын алған қатыгездікке жол бермеу үшін бір-бірімен бірге жүруі керек.

Екіншіден, командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі қарсылас – бұл ең алдымен армияда оның әскери қызметшілеріне қалай құрметпен қарағанын қаласа, сондай құрметпен қарау керек болатын адам екеніне қайта-қайта екіпін беруі тиіс. Бұл ереже екі қарама-қарсы күш арасында мәдениетінде үлкен айырмашылық болған жағдайда да сақталуы керек. Ол әскерлерге соғыстың мақсаты жаудың әскери әлеуетін әлсірету екенін түсінуге және ұғынуға көмектесуі керек. Осы мақсатқа жету үшін мүмкіндігінше көп әскери қызметшілерді қабілетсіз ету жеткілікті, бірақ оларды өлтірмеу немесе мүгедек етпеу жеткілікті. Өмірді сақтау қажеттілігі – соғыс құқығы жөніндегі сарапшы

жеткізуі тиіс екінші қағидат.

Үшіншіден, заң кеңесшісі әскери адамдар қарсы жақтың моральдық негіздері мен саяси заңдылық қағидаттарын толығымен жоққа шығармайтын жағдайға жетуі керек. Соғыс құқығы жөніндегі сарапшы әскери ойдың санасында олардың міндеті жеңіске жету болса да, жаудың адамгершілік құндылықтарына ешқашан күмәнданбау керек деген пікірді алға тарта алады. «Біздікі емес» дегенді «өлтіретін автоматтар» ретінде қабылдаудың оларды адам ретінде қабылдауға ауысуы өте маңызды. Әскерилердің мұны түсінуі қарулы қақтығыстың екі жағында да көптеген адамдардың өмірін сақтап қалады. Бірақ заң кеңесшісі – командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшісі командирдің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарымен бірлесіп жұмыс істеуі керек. Соғыс құқығының сарапшысы эмпатия мен тәртіп ұғымдары арасында берік байланыс орнатуы керек.

Қарулы қақтығыс кезінде заң кеңесшілерінің міндеттері профилактикалық сипатта болады. Олар қарулы қақтығыстардың құқық нормаларын қолданумен және сақтаумен байланысты.

Осыған байланысты, заң кеңесшілері мыналарға тартылуы мүмкін, атап айтқанда:

а) жоспарланған немесе жүзеге асырылып жатқан әскери операцияларға қатысты, тіпті өз бастамасымен де өз пікірін айтуға;

ә) жеке мәселелер (мысалы, қару таңдау) бойынша сараптамалық қорытындылар жасауға;

б) құқықтық консультациялар беру жүйесінің, әсіресе төмен тұрған деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

в) хаттаманың 87-бабына (Командирлердің міндеттері) байланысты командирлерге олардың міндеттері туралы еске салу.

Бұдан басқа, заң кеңесшілерінің міндеттеріне:

а) төменгі бөлімшелерге бекітілуі мүмкін заң кеңесшілерінің көмекшілерін даярлауға қатысу;

ә) ауқымды оқу-жаттығуларды дайындауға, соғыс уақытындағы операциялар жоспарларын әзірлеуге, оларды жүзеге



асырудың құқықтық салдарын бағалауға, атап айтқанда, әскери іс-қимылдарды жүргізудің болжамды құралдары мен әдістеріне қатысты белсенді қатысу;

б) заң көмегін көрсету жүйесін пайдалануға жәрдемдесу және оның жұмыс істеуін бағалау;

в) төмен тұрған бөлімшелерде оқытуды ұйымдастыруды қадағалауды жүзеге асыру және алған білім деңгейін бағалау;

г) алынған білім деңгейінің сақталуын және қарулы қақтығыстар құқығын оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету кіруі мүмкін.

Қарулы Күштердегі жағдай:

1) тағайындау деңгейі бойынша (заң кеңесшілерінің тұрақты лауазымдары мынадай деңгейлерде құрылуы тиіс деп есептеледі: қолбасшылықтың бас басқармасы және оның штабы; Құрлық әскерлерінің, Әскери-теңіз күштері мен әуе күштерінің жекелеген бригадаларының (қоса алғанда) деңгейіне дейін төмен тұрған құрамалар мен штабтардың қолбасшылары; дербес операциялар жүргізуге арналған өзге де бөлімдердің командирлері; әскерлердің қолбасшылары әскери базалардың қолбасшылары);

2) саны – мемлекеттер заң кеңесшілерінің оқыту жөніндегі міндеттерді орындауы, құрамаларда бірнеше офицерлерден тұратын заңгерлер тобын құруы тиіс екендігін ескере отырып айқындайды; бағынудың екі жүйесі бар:

а) қос бағыну жүйесі, яғни заң кеңесшісі әскери бөлімнің командиріне де, Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне де бағынады. Жүйе бір мезгілде заң кеңесшісінің тәуелсіздігін (Қорғаныс министрлігіне тікелей қол жеткізе алатын), оның кәсіби қызметін маман бастығының бақылауын және командирлердің белгілі бір бақылауын қамтамасыз етеді. Заң кеңесшісіне тағайындалған штаб офицерлерінен басқа ерекше мәртебе бере отырып, жүйе өнімді ынтымақтастық үшін қажетті сенім атмосферасына теріс әсер ете алады;

ә) бірыңғай бағыну жүйесі, яғни өзіне тиесілі басқармадан жалпы сипаттағы нұсқаулар ала отырып, заң кеңесшісі өзін бекітілген әскери бөлімнің командиріне ғана

бағынады. Дәрежеге байланысты, егер ол әскери қызметші болса, оның мәртебесі осы бөлімнің басқа офицерлерімен бірдей болады, бірақ оған бастық маман оның қызметіне тікелей бақылау жасамайды. Құқықтық жұмыс жөніндегі көмекші тікелей әскери бөлімнің командиріне бағынады.

Қарулы қақтығыс кезінде халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын сақтау мәселелерін шешуге қандай мамандар заң кеңесшілері ретінде тартылуы керек деген мәселе маңызды:

а) әскери қызметшілер, әскери институттардың курсанттары қатарындағы заң кеңесшілері. Таңдау белсенді қызметтегі әскери қызметшілер арасында жасалуы мүмкін. Артықшылықтары: әскери ортаны, олардың психологиясын, ұйымдастырылуы мен проблемаларын білу; жағдайды тактикалық, стратегиялық, сондай-ақ техникалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін әскери дайындық; өз ойларын түсінікті түрде жеткізе білу, түсіну қабілеті және сенім атмосферасын құра білу; әсіресе әскери құқық, халықаралық гуманитарлық ғылымдар саласындағы жақсы құқықтық дайындығы; әскери заң қызметіне тиесілігі;

ә) азаматтық тұлғалардан алынған заң кеңесшілері: халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы маманды таңдау өте қиын, ол армия ортасында тиісті беделге ие емес; әскери қылмыстарды саралау кезінде өрескел дәлсіздіктерге жол береді, құқықтық реттеу нысанасын анық анықтай алмайды; егер олар салдары төменгі деңгейге әсер ететін маңызды шешімдер қабылдау кезінде кеңес беруі керек болса, олар өз саласының маманы ретінде даусыз беделге ие болуы керек [1]. Офицерлер қатарынан көмекшілер ала отырып олар нақты негізделген және қисынды қорытындылар бере алуы керек. Оларға тән кемшіліктерінің арасында мыналар бар: оларға әскери салада білім жетіспейді, қарудың жауынгерлік сипаттамалары нақты айқын түсінбейді, соғыс құралдары мен әдістері, жаудың болжамды зияны, әскери қызметшілер арасында өзара түсіністіктің қиындығы туралы нақты түсінік жоқ; оларға деген сенімнің деңгейі салыстырмалы түрде төмен, бұл әскери қызметшілерді оқыту



процесіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, заң кеңесшілеріне әскери операциялар жоспарларын әзірлеу туралы ақпарат берілуі және әскери бұйрықты қабылдауға, қарулы күрестің құралдары мен әдістерін таңдауға қатысуы керек.

Заң кеңесшісі командирдің «сыбайласына» айналмауы керек, бұл оның іс-қимылының заңдылығын көрсетеді, бұл іс жүзінде қарулы қақтығыстар құқығын бұзу болып табылады. Әрине, одан тиісті командирлерді белгілі бір дәрежеде құқықтық қамтамасыз ету күтіледі, бірақ мұның бәрі халықаралық гуманитарлық құқық пен ұлттық құқық нормаларына қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек. Ол сондай-ақ әдет-ғұрыпты қолдану мүмкін болмаған жағдайда, яғни әдет-ғұрыпты қалыптастыру үшін уақыт оқиғаларының тым жылдам жүруіне байланысты жеткіліксіз болған кезде немесе әдет-ғұрып тәжірибемен расталмаған жағдайда өздігінен шешім қабылдай алады. Алайда, бұл үшін әр түрлі қатысушы мемлекеттердің заң кеңесшілерінің халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын түсіндіру бойынша келісілген пікірі болуы қажет, осыған байланысты халықаралық семинарлар мен конференциялар өткізген жөн.

Қорытынды. Қаралып отырған бағытта Қазақстан Республикасы ратификациялаған Женева конвенцияларының тиісті ережелерін және оларға қосымша

хаттамаларды Қазақстан заңнамасына имплементациялау проблемалық мәселе. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына құқықтық олқылықтарды толтыру мақсатында халықаралық шарттардың нормаларын енгізу қажеттілігі уақтылы және негізделген шара [2]; [3]; [4].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «Қарулы Күштердегі заң кеңесшісі» ұғымын, оның құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріндегі (мекемелеріндегі) лауазымдық жағдайын айқындау бөлігінде осы халықаралық шарттардың нормаларын көрсету туралы болып отыр. Осыған байланысты, қажетті заңнамалық түзетулерді әзірлеп, оларды белгіленген тәртіппен «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Қазақстан Республикасының Заңына енгізу⁴ орынды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі заң кеңесшілерінің – командирдің құқықтық жұмыс жөніндегі көмекшілерінің қызметі әскери қызметшілерге соғысты жүргізудің қолданыстағы ережелері туралы түсіндіруге бағытталатын болады, оларды сақтау гуманизм құндылықтары мен халықаралық гуманитарлық құқық нормаларына шынайы адалдық болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леншин, С.И. Правовой режим вооружённых конфликтов и международное гуманитарное право: монография; Серия «Право в Вооруженных Силах – консультант» – Вып. 94. / С.И. Леншин. – М.: «За права военнослужащих», 2009. – 240 с.
2. Kwakwa, E.K. The International law of armed conflict: personal and material fields of application / E.K. Kwakwa. – Kluwer Academic Publishers, Dordrecht, 1992. – 208 p.
3. Leary, V.A. International Labour Conventions and National Law / V.A. Leary. – The Hague, 1982. – 134 p. – Pp. 55-56.
4. Paenson, I. Manual of the terminology of the law of armed conflict and of international humanitarian organizations / I. Paenson. – Editions Bruylant, Brussels/Martinus Nijoff Publishers, Dordrecht, 1989. – 844 p.

References:

1. Lenshin, S.I. Pravovoj rezhim vooruzhjonnyh konfliktov i mezhdunarodnoe humanitarnoe pravo: monografija; Serija «Pravo v Vooruzhennyh Silah – konsul'tant» – Vyp. 94. / S.I. Lenshin. – M.: «За права военнослужаших», 2009. – 240 s.

⁴ Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы: Қазақстан Республикасының 2005 ж. 7 қаңтардағы № 29 Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режімі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_ (жүгінген күні: 12.12.2024).



2. Kwakwa, E.K. The International law of armed conflict: personal and material fields of application / E.K. Kwakwa. – Kluwer Academic Publishers, Dordrecht, 1992. – 208 p.
3. Leary, V.A. International Labour Conventions and National Law / V.A. Leary. – The Hague, 1982. – 134 p. – Pp. 55-56.
4. Paenson, I. Manual of the terminology of the law of armed conflict and of international humanitarian organizations / I. Paenson. – Editions Bruylant, Brussels/Martinus Nijoff Publishers, Dordrecht, 1989. – 844 p.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Алмаз Шүкірұлы Ещанов – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының жалпы құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: almaz.7.0@mail.ru.

Ещанов Алмаз Шукирович – профессор кафедры общеправовых дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор юридических наук, профессор, e-mail: almaz.7.0@mail.ru.

Yechshanov Almaz Shukirovich – Professor of the Department of General Legal Disciplines at the Institute of Postgraduate Education of the Law Enforcement Academy under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Law, Professor, e-mail: almaz.7.0@mail.ru.

Зарина Жандарбековна Калмурзина – Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университетінің аспиранты, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: 06.03.78z@mail.ru.

Калмурзина Зарина Жандарбековна – аспирант Кыргызского национального университета имени Ж. Баласагына, магистр юридических наук, e-mail: 06.03.78z@mail.ru.

Kalmurzina Zarina Zhandarbekovna – Postgraduate student at Kyrgyz National University named after J. Balasagyn, Master of Laws, e-mail: 06.03.78z@mail.ru.